

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Физика-техникалық факультеті
6M060400-Физика мамандығы

№2 МӨЖ

Педагогиканың адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны

1. Педагогиканың ғылым ретіндегі мәні

Әзірлеген: Шоманов Рустем

ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕГІ МӘНІ [1]

Біріншіден ғылым деген ұғымды анықтап алайық.

Ғылым дегеніміз — адамның табиғат, қоғам және өзінің танымы туралы білім алуға бағытталған рухани қызметінің ерекше формасы, жаратылыс туралы объективті білім жиынтығы болып саналатын адамзат мәдениетінің бір бөлігі.

Ғылымның мұраты – бар тылсымның сырын айқындау, барлықтың ақиқатын ашу, соның негізінде сол барлықтан заңды түрде туындайтын немесе міндетті түрде шығатын, шыға алатын нәрселерді анықтау.

Ғылымға қойылатын критерийлер.[2]

Ғылымилықтың **үшінші критерийі** - ғылыми танымның мақсаты. Яғни, мақсатсыз ғылым дамуы мүмкін емес, ғылымның нәтижесі адамзат игілігіне айналуы шарт.

Тағы бір **төртінші критерий** - рационалдылық (тиімділік). Зерттеудің әр түрлі (әдістемелерін) тәсілдерін өзгерте отырып, ең тиімді жолын таңдап алу.

Ғылымға қойылатын **бесінші критерий** - зерттеудің тәжірибелік әдістемесін қолдану және ғылымды математикаландыру. Бұл белгілер жаңа уақытта пайда болды және тәжірибемен байланыстыра отырып, ғылымға жаңа сипаттар әкелді.

Ғылымилықтың **ең басты критерийі** - жүйелілік. Ғылыми білім әр қашан белгілі бір жүйе ретінде қарастырылады: бұл жүйенің өзіндік басталу принципі, іргелі түсініктері болады. Сонымен бірге бұл жүйеге аталған ғылым үшін зор маңызы бар тәжірибелік фактілер, эксперименттер, тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстар енеді.

Ғылымға қойылатын тағы бір **критерий** - онымен айналысатын (қоғамда) бір дарынды адамдардың болуы және қажетті материалдар мен технологияның болуы.

Педагогика жоғарыдағы критерийлерді қанағаттандырады [3]

- Адам тәрбиелеу жөніндегі ғылым педагогика деп аталады. Ол өз атамасын грек сөздері «пайдес»- балалар және «аго» - жетектеу дегеннен алған, тікелей аудармасында «педагогика» сөзі бала тәрбиесін бағыттау өнері дегенді аңдатады, ал «педагог» сөзі бала жетектеуші мәнін білдіреді.
- Педагогика - тәрбие жөніндегі ғылым. Оның басты міндеті адам тәрбиесі жөніндегі ғылыми білімдерді жинақтау және жүйелестіру. Педагогика адамдарды тәрбиелеу, білім беру және оқыту заңдылықтарын ашып, соның негізінде алға қойылған мақсаттарға жетудің ең пайдалы педагогикалық жолдары мен тәсілдерін көрсетіп отырады.

Педагогиканың басқа ғылымдармен байланыстарын талдауға сала отырып, оларды пайдаланудың келесі формалары анықталған:

- -басқа ғылымдардың негізгі идеялары, теориялық болжамдары мен қорытындыларының педагогикада пайдалану;
- -бұл ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерін шығармашылықпен қабылдап, меншіктеу;
- – психология, жоғары жүйке қызметі физиологиясы, әлеуметтану және басқа да ғылымдар зерттеулерінің нақты нәтижелерін педагогикада қолдану;
- – адамды жан-жақты және көптарапты зерттеуде педагогиканың қатысуы.

Педагогика ғылымының тәрбие туралы күнделікті тұрмыстық білімдерден айырмашылығы [4]

Тәрбие, білім беру салалары мен құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланыстарын ашу. Оқыту мен тәрбие ықпалдары арқылы адам дамуында қандай өзгерістер жүреді және олар немен байланысты екендігін түсіндіреді.

Алғашқы адамдардың өздерінде бала тәрбиесі жөнінде білімдер болса, олар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа салт-дәстүрлер, ойындар, тыйымдар, өмірлік ережелер арқылы беріліп отырды. Бұл білімдер сонымен қатар мақалмәтелдерден, аңыздардан, ертегілерден және тағы басқа ауыз әдебиеті үлгілерінен өз көріністерін тауып, халықтық педагогиканың негізгі мазмұнын құрды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- [1] **Степин В.С.** История и философия науки: Учебник. М.,2011
- [2] **Ж. А. Алтаев, Н.Ж. Байтенова** т.б. Ғылым тарихы мен философиясы А., Раритет 2009 ж.
- [3] **Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К.** ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА: Оқулық. Алматы 2005 ж.
- [4] **А.М. БАЙМУХАНОВА, М.А. ҚҰСАЙНОВА** ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА: Қарағанды 2011 ж.